


81-ТЕКУИР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Күн бүктелген сәтте, (1) Жұлдыздар солып, шашылған сәтте, (2) Таулар жүргізілген сәтте, (3) Қаймал іңгендер, иен жіберілген сәтте, (Сол күннің зардабынан бошалаған түйе де естен шығады.) (4) Жан-жаныуарлар жиналған сәтте, (5) Теңіздер қайнатылған сәтте, (6) Жан тәнмен бірлестірілген сәтте, (7) Тірі көмілген қыздар сұралған сәтте; (8) Қай күнәмен өлтірілді? (9) Дәптердер ашылған сәтте, (10) Аспан ашылған сәтте, (11) Тозақ қыздырылған сәтте, (12) Ұрмақ жақындатылған сәтте; (13) Әркім не әзірлегенін біледі. (14) Жоқ, солғындаған жұлдыздарға серт, (15) Жүріп барып батқан жұлдыздарға ант. (16) Қараңғылана бастаған түнге серт, (17) Ағара бастаған таңа серт; (18) (Осы нәрселерде ашық дәлелдер бар.) Негізінен Құран, әрине бір ардақты Елшінің сөзі. (69-С. 40-А) (19) Ол күшті Елші, ғаршының иесінің қасында беделді; (20) Ықпалды, онда сенімді. (Жебрейіл Ғ.С.) (21) Жолдастарың (Мұхаммед Ғ.С.) жынды емес. (22) Расында ол, оны ашық көк жиекте



көрді. (Мұхаммед Ғ.С. Жебрейіл Ғ.С.ды шығыс көк жиекте көрген. Б.Ж.М.) (23) Мұхаммед (Ғ.С.) ғайыптан келген уахи туралы кемшілік істемеді. (Б.Ж.М.) (24) Құран, қуылған шайтанның сөзі емес. (25) Ендеше, Қайда кетіп бара жатырсыңдар? (26) Құран, бүкіл әлемге насихаттан басқа еш нәрсе емес. (27) Әрине сендерден тура жолды қалаған кісілер үшін; (28) Әлемдердің Раббы Алла, қаламайынша тілеулерің жүрмейді. (29)